



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

15 шілде 2025 ж.
Үржар ауылы

№ 195
село Урджар

Қоғамдық сервитут белгілеу туралы

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармағының, 69 бабының 4 тармағының 7-1) тармақшасының, 71-1 бабына, «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасының негізінде, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 05.07.2025 жылғы № 3434-ЕЛ лицензиясына және «Тарбағатай кени» ЖШС-нің 09.07.2025 жылғы кіріс № ЗТ-2025-02277099 өтінішіне сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**


1. «Тарбағатай кени» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Үржар ауданы жерлерінен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында, жалпы көлемі – 2780 га оның ішінде: Қарақол ауылдық округі – 810 га, Қоңыршәулі ауылдық округі - 1970 га жер учаскелеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, 2031 жылдың 05 шілдеге дейін қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы - «Тарбағатай кени» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарды өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Үржар ауданының жер қатынастары бөлімі басшысы (Р.Исаев) заңда белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы



С.Тлемесов